



## Walking style IV


Қадам санауышын  
қолдану нұсқаулығы

KZ


All for Healthcare

## ОРНАТУ

(8-бетті қараныз)



фУНТ ↔ КГ  
фУТ/ДУЙМ ↔ СМ  
МИЛЛЯ ↔ КМ



## БҮГІНГІ

НАТИЖЕЛЕР РЕЖИМІ

(13-бетті қараныз)

МЕН HOME MODE Тандау



Қадамдар



Қашықтық



Калориялар



Аэробикалық  
қадамдар

## ӘРЕКЕТ ДИСПЛЕЙ

РЕЖИМІ

(12- және 14-бетті қараныз)

МЕН HOME MODE Бастау



2 секундтай  
басыңыз.



Тандау



Токтату

2 секундтай  
басыңыз.

## ЖАД

(15-бетті қараныз)

МЕН HOME MODE Тандау



Басу



## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	4
Қауіпсіздік ескертпелері.....	5
Құрал құрылымы .....	6
Іске қосу және бастапқы реттеу .....	8
Құралды тіркеу .....	10
Құралды қолдану.....	11
Жад функциясы.....	15
Барлық параметрлерді жою .....	16
Батарея мерзімі және ауыстыру .....	17
Техникалық қызмет көрсету және сақтау .....	18
Ақауларды жою .....	19
Техникалық деректер.....	20

## КІРІСПЕ

Құрметті тұтынушы,  
OMRON қадам санауышын сатып алғаныңызға алғысымызды білдіреміз. Жаңа Walking style IV құралы сіздің физикалық белсенділігіңізді дәл өлшеп, диета ұстауға көмектеседі немесе күнделікті жүру мақсатына жетуге ынталандырады.

Осы қадам санауышы қадамдар санын дорбада не қалтада жатқанда және оны мойынға тағып жүргенде де санайды әрі сізге оны алып жүру тәсілдерін ұсынады. Денсаулығыңызды бақылаудың оңай жолы ретінде оны күнделікті қолданып жүріңіз.

### ■ OMRON Walking style IV мүмкіндіктері

#### **Аэробикалық қадамдар (жылдам жүру)**

Аэробикалық қадамдар — деніміздің сау болуына көмектесетін дене жаттығулары. Аэробикалық қадамдар минутына 60 астам қадам жасап, одан кейін 10 минуттан артық уақыт жүргенде бөлек саналады. Егер 10 минуттан артық уақыт үздіксіз жылдам жүрген соң 1 минуттан аз уақыт дем алсаңыз, бұл «үздіксіз жүріс» бөлігі ретінде саналады.

#### **Жанған калориялар**

Жүру қарқындылығы өлшенеді және калориялар саны есептеледі.

#### **Әрекет режимі**

Бұл өлшем мәндері\* нақты уақытта не сеанста сақталады. Бұл өлшем мәндері күнделікті сақталатын өлшем мәндерінен бөлек болады.


\* Саналған қадамдар/Қашықтық/Жанған калориялар/  
Аэробикалық қадамдар


#### **🚶 белгісі 10 000 қадам жасағандағы**

🚶 белгісі бір күн ішінде 10 000 қадам жүрген жағдайда пайда болады (Әрекет режимі дисплейінде және Әрекет режимінің жад дисплейінде көрсетілмейді).

## ҚАУІПСІЗДІК ЕСКЕРТПЕЛЕРІ

Белгілер мен олардың анықтамалары:

 **Назар аударыңыз:** Құралды дұрыс қолданбау жарақатқа не мүліктің бүлінуіне әкелуі мүмкін.


 **Назар аударыңыз:**

- Салмақ азайтуды немесе дене шынықтыру бағдарламасын бастау алдында дәрігерге не медициналық қызметкерге қаралыңыз.
- Құралды кішкентай балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Шаршаған немесе жаттығу кезінде ауырғанды сезінсеңіз, әрдайым дем алып жүріңіз. Егер ауырғанды не қолайсыздықты әлі де сезіп жатсаңыз, жаттығуды дереу тоқтатып дәрігерге жолығыңыз.
- Егер кішкентай балалар кез келген шағын бөлшекті жұтып қойса, дереу дәрігермен кеңесіңіз.
- Құралды бауынан ұстап бұлғаңдатпаңыз. Құралды бауынан ұстап бұлғаңдату жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Құралды шолақ не ұзын шалбардың артқы қалтасына салмаңыз. Құрал қалтада болған кезде оның үстіне отырып қалсаңыз, оны зақымдап алуыңыз мүмкін.
- Батареяларды полярлылығын бұрыс бағытпен салмаңыз.
- Әрдайым көрсетілген батарея түрін қолданыңыз.
- Ескірген батареяны жаңасына дереу ауыстырыңыз.
- Құралды ұзақ уақыт (шамамен 3 ай не одан да ұзақ уақыт) қолданбаған кезде оның ішіндегі батареяны алып тастаңыз.
- Құралды не оның кез келген құрамдасын суға салмаңыз. Құралдың ішіне су кіреді.


KZ

# ҚҰРАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

## ■ Негізгі блок



## ■ Негізгі блоктың артқы жағы




KZ

## ■ Құрамдастар

- A** Негізгі блок    **B** Бау  
**C** Қысқыш        **D** Батарея\*  
**E** Пайдалану нұсқаулығы

\* Батарея құралдың ішіне бұрыннан салынған.



## ■ Бау мен қысқышты жинау

- 1 Бауды құралға тіркеңіз.
- 2 Қысқышты бауға тіркеңіз.
- 3 Қысқышты ашып жабыңыз.



**Ескертпе:** Құралды шығарып алу үшін қысқышты басыңыз. Материалға байланысты қысқышты қатты тіркесеңіз не алсаңыз, ол киіміңізді бүлдіруі не жыруы мүмкін.

## ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ БАСТАПҚЫ РЕТТЕУ

Құралды алғаш рет қолданғанда төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Кез келген түймені 2 секундтай басыңыз.

Мына дисплейден кейінгі дисплейде «lb» және «kg» жазуы жыпылықтап көрсетіледі.



### **А. Өлшем бірлігін орнату:**

**салмақ, бой/қадам ұзындығы, қашықтық.  
(фунт↔кг, фут/дюйм↔см, миля↔км)**

#### **1 Салмақ бірлігін орнату.**

(1) Қалаған параметр мәнін таңдау үшін ▼ не ▲ түймесін басыңыз.

(2) Параметрді растау үшін ● түймесін басыңыз.

#### **2 Бой/қадам ұзындығы бірлігін орнату үшін (1) - (2) қадамдарын қайталаңыз.**

#### **3 Қашықтық бірлігін орнату үшін (1) - (2) қадамдарын қайталаңыз.**

Ауқым туралы толық мәліметтерді 20-беттегі «ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР» тарауын қараңыз.

### **В. Салмақ, бой, қадам ұзындығы және уақыт орнату.**

#### **1 Салмақ параметрін орнату.**

(1) Қалаған параметр мәнін таңдау үшін ▼ не ▲ түймесін басыңыз.

• Алға қарай жылжу (артқа оралу) үшін ▲ (▼) түймесін басыңыз.

• Алға қарай жылдам жылжу (артқа оралу) үшін ▲ (▼) түймесін басып тұрыңыз.

(2) Параметрді растау үшін ● түймесін басыңыз.

#### **2 Бой параметрін орнату үшін (1) - (2) қадамдарын қайталаңыз.**


#### **3 Қадам ұзындығы параметрін орнату үшін (1) - (2) қадамдарын қайталаңыз.**

#### **4 Уақытты орнату үшін (1) - (2) қадамдарын қайталаңыз.**

Осылайша орнату процесі аяқталады.

## Ескертпелер:

- Егер реттеу 5 минуттан артық уақыт ішінде орындалмаса, дисплейде зауыттық параметрлер қайта көрсетіледі.
- Дисплейде жыпылықтайтын бастапқы қадам ұзындығының мәні – сіздің бой параметрінің негізінде шамамен есептелген қадам ұзындығы. Жүрісіңіздің түрі мен дене бітіміңіздің негізінде нақты қадам ұзындығын орнатыңыз.
- Дұрыс орташа қадам ұзындығын өлшеу үшін өткен он қадамның жалпы ұзындығын қамдар санына бөліңіз (мысалы, 7,2 метрді 10 қадамға бөлгенде = 72 см).



### ■ Параметрлерді реттеу

- 1 ▼ және ▲ түймелерін бір уақытта басып тұрыңыз. Дисплейде «lb» не «kg» жазуы жыпылықтайды.



2 секундтай басыңыз.



- 2 Процедураны орындап, 8-беттегі А. Өлшем бірлігін орнату тармағынан басталатын «ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ БАСТАПҚЫ РЕТТЕУ» тарауын қараңыз.

### Ескертпелер:

- Бұл құралда сақталған өлшем мәндерін, соның ішінде бүгін сақталған кез келген мәнді жоймайды.
- Егер реттеу 5 минуттан артық уақыт ішінде орындалмаса, дисплей ағымдағы қадам есебіне оралады.

## ҚҰРАЛДЫ ТІРКЕУ

Құралды қалтаға, дорбаға салып немесе мойынға тағып жүруге кеңес береміз.

Құралдың кездейсоқ жерге түсіп кетуінің алдын алу және киімді кірге тастағанда әлдеқайда байқалатындай жасау үшін жабдықталған бау мен қысқышты қолдануға кеңес береміз.

### Қалта

- 1 Құралды алдыңғы кеуде қалтасына немесе шалбардың алдыңғы қалтасына салыңыз.
- 2 Бауды қалта шетіне қарай қыстырыңыз.



**Ескертпе:** Құралды шолақ не ұзын шалбардың артқы қалтасына салмаңыз.

### Дорба

Құралды дорбаға салыңыз.

#### Ескертпелер:

- Дорбаны мықты ұстайтыныңызға көз жеткізіңіз.
- Құралдың дорбаға мықты тіркелгеніне көз жеткізіңіз.
- Бауды дорба шетіне қарай қыстырыңыз.



### Мойын

Бөлек сатып алуға болатын қысқа не ұзын бауды не кілтке арналған жіпті құралға тіркеп, мойынға тағып жүріңіз.

**Ескертпе:** Мойынға тағатын бау жинақта жоқ.



## ҚҰРАЛДЫ ҚОЛДАНУ

### ■ Құрал қадамдарды дәл санай алмау жағдайлары

#### Бірқалыпты емес қозғалыс

- Құралды бірқалыпты қозғалмайтын дорбаға салғанда.
- Құралды белге не дорбаға іліп жүргенде.



#### Өзгермелі серуендеу қадамы

- Тырпылдатып жүргенде немесе сандал, т. б. кигенде.
- Адам көп жүретін жерде бірқалыпты жүре алмаған кезде.

#### Аса тік қозғалыс немесе діріл

- Тұрғанда және/немесе отырғанда.
- Серуендеуден басқа спорт түрлерімен шұғылданғанда.
- Сатымен жоғары не төмен түскенде, не болмаса тым еңісті жерде жүргенде.
- Велосипед, көлік, пойыз не автобус сияқты жүріп келе жатқан көлік құралында тік не көлденең діріл болғанда.



#### Тым баяу жүргенде

### ■ Жүре бастау

Серуеннен кейін деректерді оқу үшін ▲ түймесін басыңыз (13-беттегі «Ағымдағы дисплейді тексеру» тарауын қараңыз).

#### Ескертпелер:

- Серуен бөлігіне жатпайтын қадамдар саналуын болдырмау үшін құрал жүрістің алғашқы 4 секунды ішінде қадамдар санын көрсетпейді. Егер 4 секундтан артық уақыт жүрсеңіз, ол алғашқы 4 секунд ішінде қадамдар санын көрсетеді, одан кейін санауды жалғастырады.
- Бұл құрал күнделікті түн ортасында (0:00) «0» мәніне қайта орнатылады.

## ■ Әрекет режимі

Әрекет режимі нақты жүру уақытында не сеансында өлшенген мәндерде бөлек сақтайды.

**Ескертпе:** Әрекет режимі қолданылғанда ағымдағы дисплейді немесе жад функциясын тексеру мүмкін емес.

1 ● түймесін екі секундтай басыңыз.

☐ Әрекет режимі қолданылғанда айналады.



2 Жүре бастаңыз.

Қадамдар санын, қашықтықты, жанған калориялар мен аэробикалық (жылдам) қадамдарды осы тәртіпте көрсету үшін ▲ түймесін басқан сайын дисплей көрсеткіштері өзгереді.

3 Әрекет режимін аяқтау үшін кез келген дисплейде ● түймесін екі секундтай басыңыз.


Әрекет режимі аяқталған соң өлшенген нәтижелерді көру үшін ▼ түймесін басыңыз (15-беттегі «ЖАД ФУНКЦИЯСЫ» тарауын қараңыз).

### Ескертпелер:

- Әрекет режиміне арналған жадта тек бір сеанс сақталады.
- Егер Әрекет режимін 24 сағат ішінде тоқтатпасаңыз, құрал қалыпты режиміге қайта ауысады.

## Ағымдағы дисплейді тексеру

Дисплейді өзгерту үшін ▲ түймесін басыңыз.



### ■ Қуатты үнемдеу функциясы туралы

Қуатты үнемдеу үшін құрал дисплейі бірде-бір түйме 5 минуттан артық уақыт басылып тұрмаған жағдайда өшеді. Дегенмен құрал қадамдар санын бақылауды жалғастырады.

Дисплейді қайта іске қосу үшін кез келген түймені басыңыз.

## Әрекет режимі кезінде дисплейді тексеру

Дисплейді өзгерту үшін ▲ түймесін басыңыз.



KZ

## ЖАД ФУНКЦИЯСЫ

Күнделікті өлшемдер (қадамдар, жүріп өткен қашықтық, жанған калориялар және аэробикалық қадамдар) жадта автоматты түрде сақталады және күнделікті түн ортасында (0:00) «0» мәніне қайта орнатылады.

### ■ Деректерді қайта шақыру

1 Қажетті дисплей түрін таңдау үшін ▲ түймесін басыңыз.

2 Өлшем нәтижелерінің тарихын көру үшін ▼ түймесін басыңыз.

Төменде көрсетілгендей ▼ түймесін басқан сайын дисплей көрсеткіштері өзгереді.

- Ағымдағы дисплей көрсетілгенше дисплейді автоматты түрде өзгерту үшін ▼ түймесін басып тұрыңыз.
- Ағымдағы дисплейге оралу үшін ● түймесін басыңыз.



### Ескертпелер:

- Әрекет режимі қолданылғанда жад функциясын пайдалану мүмкін емес (12-беттегі «Әрекет режимі» тарауын қараңыз).
- Егер бірде-бір түйме 1 минуттан артық уақыт ішінде басылмаса, дисплей ағымдағы дисплейге оралады.



## БАРЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРДІ ЖОЮ

Барлық орнатылған мәндер мен өлшенген нәтижелерді (бұрынғы өлшем нәтижелерін) жою үшін негізгі блокты мына жолмен баптаңыз.

1 ▼ және ▲ түймелерін бір уақытта басып тұрыңыз. Дисплейде «lb» не «kg» жазуы жыпылықтайды.

2 ▼ және ▲ түймелерін бір уақытта қайта басып тұрыңыз.


«Clg» жазуы көрсетілген соң дисплейде «lb» және «kg» жазулары жыпылықтайды.



### Ескертпелер:

- Құралды қолдана беру үшін салмақ, бой, қадам ұзындығы мен уақыт көрсеткіштерін бастапқы қалпына келтіріңіз (8-беттегі А. Өлшем бірлігін орнату тармағынан басталатын «ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ БАСТАПҚЫ РЕТТЕУ» тарауын қараңыз).
- Егер 5 минуттан артық уақыт ішінде реттеу орындалмаса, құрал зауыттық режимге оралады.


## БАТАРЕЯ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ

Егер  белгісі дисплейде жыпылықтаса не пайда болса, ескі батареяны жаңа (CR2032) батареяға ауыстырыңыз.

**Ескертпе:** Жабдықталған батарея уақытша қолдануға арналған. Бұл батареяның заряды 6 айдың ішінде аяқталады.

### ■ Батареяны ауыстыру

- 1 Құралдың артқы жағындағы түймені солға қарай бұрып, батарея қақпағын көрсеткі бағытымен тарту арқылы құлпын ашып алыңыз.



- 2 Батареяны жұқа, мықты, оңай сынбайтын таяқшамен шығарып алыңыз.

**Ескертпе:** Металл іскекті не бұрағышты қолданбаңыз.



- 3 Батареяны (CR2032) оң (+) жағын жоғары қаратып салыңыз.



- 4 Батарея қақпағын алдымен ілмекті сырғыту арқылы жабыңыз, содан кейін түймені оңға қарай бұрып, батарея қақпағын құлыптаңыз.



KZ

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ САҚТАУ

### Техникалық қызмет көрсету

Құралды әрдайым таза ұстаңыз.

Құралды құрғақ жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

Қатты сіңген дақтарды кетіру үшін құралды сумен не жұмсақ жуғыш затпен дымқылданған шүберекпен сүртіңіз. Содан кейін оны құрғатып сүртіңіз.

### Техникалық қызмет көрсету және сақтау бойынша сақтық шаралары

Құралды тазалау үшін бензин не еріткіш сияқты ұшпа сұйықтықтарды қолданбаңыз.


Мына сақтау шарттарын орындаңыз.

- Құралды қатты соққыларға не дірілдерге ұшыратпаңыз, түсіріп алмаңыз, үстіне баспаңыз.
- Құралды не оның кез келген құрамдасын суға салмаңыз. Құралдың ішіне су кіреді. Оны жумаңыз немесе су қолмен ұстамаңыз. Құралдың ішіне су кіріп кетпейтіндей абай болыңыз.
- Құралды шамадан тыс температураларға, ылғалдылыққа, дымқылға немесе тікелей күн сәулесіне ұшыратпаңыз.
- Құралды химиялық не күйдіргіш булардың әсері тиетін жерлерде сақтамаңыз.

Құралды әрдайым кішкентай балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Құрал ұзақ уақыт (3 ай не одан да ұзақ уақыт) қолданылмаған жағдайда батареяларды алып тастаңыз.

## АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Құбылыс	Себеп	Түзету
 жыпылықтайды не үнемі көрсетіліп тұрады.	Батарея заряды төмен немесе азайды.	CR2032 түріне жататын жаңа 3 В литий батареяны салыңыз (17-бетті қараңыз).
Ештеңе көрсетілмейді.	Батареяның полярлылықтары (+ және -) бұрыс бағытта тураланған.	Батареяны дұрыс күйде салыңыз (17-бетті қараңыз).
	Батарея заряды төмен немесе азайды.	CR2032 түріне жататын жаңа 3 В литий батареяны салыңыз (17-бетті қараңыз).
	Қуатты үнемдеу функциясы іске қосылған.	▼, ▲ не ● түймесін басыңыз (13-бетті қараңыз).
Көрсетілген мәндер қате.	Құрал бұрыс тіркелген.	Нұсқауларды орындаңыз (10-бетті қараңыз).
	Өзгермелі жылдамдықпен жүріп келесіз.	Нұсқауларды орындаңыз (11-бетті қараңыз).
	Параметрлер қате.	Параметрлерді өзгертіңіз (9-бетті қараңыз).
Дисплей әдеттегідей емес немесе түймелер дұрыс жұмыс істемей тұр.		Батареяны алып, оны орнына қайта салыңыз (17-бетті қараңыз).

KZ

**Ескертпе:** Егер ақаулар орын алса, құралды жөндеу керек; барлық параметрлер мен өлшем нәтижелері жойылады. Өлшем нәтижелерін жазып алуға кеңес береміз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

<b>Өнім сипаттамасы</b>	OMRON қадам санауышы	
<b>Үлгі</b>	Walking style IV (HJ-325-EB / HJ-325-EW)	
<b>Қуат көзі</b>	CR2032 түріне жататын 3 В литийлік батарея	
<b>Батарея мерзімі</b>	шамамен 6 ай* (күніне 14 сағаттай қолданылғанда)	
	<b>Ескертпе:</b> Жабдықталған батарея уақытша қолдануға арналған. Бұл батареяның заряды 6 айдың ішінде аяқталады.	
<b>Өлшеу ауқымы</b>	Қадамдар	0 - 99 999 қадам
	Калориялар	0 - 59 999 ккал
	Аэробикалық қадамдар	0 - 99 999 қадам
	Жүріп өткен қашықтық	0,0 - 999,9 км / 0,0 - 621,3 миля
	Уақыт	0:00 - 23:59
<b>Орнату ауқымы</b>	Уақыт	0:00 - 23:59
	Бой	100 - 199 см + 1 см / 3'4" - 6'6" + 1 дюйм
	Салмақ	30 - 136 кг + 1 кг / 66 - 300 фунт + 1 фунт
	Қадам ұзындығы	30 - 120 см + 1 см / 12" - 48" + 1 дюйм
<b>Жұмыс температурасы</b>	-10°C-ден +40°C-ге дейін (14°F -104°F)	
<b>Ылғалдылық</b>	30 - 85% RH	
<b>Сыртқы өлшемдер</b>	42 (С) × 57 (Б) × 13 (Т) мм	
<b>Салмақ</b>	шамамен 23 г (батареямен қоса)	
<b>Құрамы</b>	Қадам санауышы, CR2032 түріне жататын 3 В литийлік батарея, қысқыш, бау және пайдалану нұсқаулығы	

KZ

Бұл сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

\* Жаңа батарея мерзімі OMRON сынағына негізделген.

OMRON HEALTHCARE EUROPE B.V. компаниясы осы өнімге сатып алған күннен бастап 2 жылдық кепілдік береді. Кепілдік батарея қақпағы, бау, қысқыш, қаптама және/ немесе пайдаланушы бұрыс қолданғаннан (мысалы, жерге түсіру немесе дұрыс қолданбау) туындаған зақымдарды қамтымайды. Мәлімделген өнімдер түпнұсқа шот-фактурамен/чекпен бірге қайтарылған жағдайда ғана ауыстырылады.

Құралды бөлшектемеңіз не өзгертпеңіз.

OMRON HEALTHCARE компаниясы бекітпеген өзгерістер пайдаланушы кепілдігін жоққа шығарады.



Бұл құжатта OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. компаниясы осы Walking style IV құралының негізгі талаптар мен 2004/108/EC (EMC) және 2011/65/EU (RoHS) Директивасының басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді.

#### **Батареяны кәдеге жарату бойынша EO 2006/66/EC директивасы**



Батареялар әдепкі тұрмыс қоқыстарына жатпайды. Батареяларды жергілікті жинау пунктіне немесе батареяның тиісті түрі сатылатын орынға қайтаруыңыз керек.

#### **Электр және электроникалық құрылғыларды кәдеге жарату бойынша EO 2012/19/EU директивасы**



Бұл өнімді әдепкі тұрмыс қоқыстары ретінде қарастырмаған жөн, оны қайта өңделетін электр және электроникалық құрылғыларды жинау пунктіне қайтару керек. Қосымша ақпарат жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, жергілікті қоқысты кәдеге жарату қызметтерінен немесе өнімді сатып алған бөлшек саудагерінен алуға болады.

KZ

<b>Өндіруші</b>	<b>OMRON HEALTHCARE Co., Ltd.</b> 53, Kunotsubo, Terado-cho, Muko, Kyoto, 617-0002 ЖАПОНИЯ
<b>ЕО-дағы өкілдігі</b>	<b>OMRON HEALTHCARE EUROPE B.V.</b> Scorpius 33, 2132 LR Hoofddorp, НИДЕРЛАНДЫ www.omron-healthcare.com
<b>Өндірістік бөлімшесі</b>	<b>OMRON DALIAN Co., Ltd.</b> No. 3, Song Jiang Road, Economic and Technical Development Zone, Dalian 116600, Қытай
<b>Филиалдары</b>	<b>OMRON HEALTHCARE UK LTD.</b> Opal Drive, Fox Milne, Milton Keynes, MK15 0DG, UK www.omron-healthcare.co.uk
	<b>OMRON MEDIZINTECHNIK HANDELSGESELLSCHAFT mbH</b> Gottlieb-Daimler-Strasse 10, 68165 Mannheim, ГЕРМАНИЯ www.omron-healthcare.de
	<b>OMRON SANTÉ FRANCE SAS</b> 14, rue de Lisbonne, 93561 Rosny-sous-Bois Cedex, ФРАНЦИЯ www.omron-healthcare.fr

**KZ**

Қытайда жасалған  
3733819-7A